

"АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ – ҰШАН-ТЕҢІЗ"

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№20
(1827)
21 мамыр
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақшақтық Ақшамы Газеті

ЕРГЕШБАЕВҚА ЕРІП КЕЛГЕН ЕШКІМ ЖОҚ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте лауазымды орындарға тағайындалған жаңа басшыларды таныстырды. Өзінің де облыс әкімі болғанына көп уақыт бола қоймаған М.Ерғешбаев дереу ауыс-түйіс жасап, өз командасын жасақтап жатқандай көрінуі мүмкін. Алайда тағайындалған жаңа басшылардың бәрі дерлік Қызылорда облысы әкімдігі аппаратының "шекпеннен" шыққандар. Мәселен балалардың құқығын қорғайтын Е.Бөкіров осы уақытқа дейін бірнеше жыл өкім аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

Сол сияқты туризмді дамытатын Д.Ермеков те бір уақыттары басқарма басқарды, одан күні бүгінге дейін ол да аппарат басшысының тағы бір орынбасары болды.

Облыстық экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы болып тағайындалған К.Бағанұлы да 5 жылға таяу осы департамент басшысының орынбасары болды. Үш жылға жуық облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары болып қызмет еткен Н.Бимұрзаев та департамент басшысы зейнетке шыққаннан кейін ретімен осы департамент басшысы болып тағайындалды.

Басшысы жаңарған "ҚазақГазАймақ" өндірістік Қызылорда филиалына директор болып тағайындалған Н.Шаухаманов та бұл қызметке төтеннен келген бөтен адам емес. Өмір тарихында жазылғанындай әр жылдары осы газ айналасында басшылық етіп келеді. Тіпті осы филиал ашылғанда оның алғашқы директоры да болды. Ендеше әзірге Ерғешбаевқа еріп келген ешкім жоқ...

тапсырамын», – деді Мұрат Нәлқожаұлы. Ерлан Әмірханұлы 1984 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазақ гуманитарлық заң университетінде «заңтану», «Болашақ» университетінде "экономика және құрылыс" мамандықтары бойынша білім алған. Әр жылдары Қызылорда облысы әкімі аппараты кадр жұмысы бөлімінің басшысы, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары, Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары болған. 2021 жылдан бүгінгі күнге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты

«ҚАЗАҚГАЗ АЙМАҚҚА»

ҚАЙТЫП КЕЛДІ

«ҚАЗАҚГАЗ АЙМАҚ» акционерлік қоғамы Қызылорда өндірістік филиалының директоры болып Шаухаманов Нұрлан Сәйлібекұлы тағайындалды.



Облыс әкімі жаңа басшыға өңірді табиғи газбен тұрақты қамтамасыз етуді және газдандырудың жаңа жобаларын жүзеге асыруды тапсырды.

Нұрлан Сәйлібекұлы 1968 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтында «Инженер-гидротехник» мамандығы бойынша білім алған.

Әр жылдары «Тұран-Петролеум», «Харрикейн Құмкөл мұнай» компанияларында түрлі лауазымдарда болған. 2004-2020 жылдары «Қызылорда Қаз Транс Газ», «Қызылорда газ шаруашылығы басқармасы», «Қаз Транс Газ Аймақ», «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» газ тарату мекемелерінде басшылық лауазымдарда қызмет атқарған.

2022 жылдан осы кезге дейін «Қызылорда газ тарату жүйесі» мемлекеттік кәсіпорнының директоры лауазымында абыройлы еңбек етті.

БАҒАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы болып Нұрлыбек Бимұрзаев тағайындалды. Бұған дейін



басшы болып келген Сүлейменов Ерқасым Жайбергелулына зейнетке шығуына орай, облыстың Құрмет грамотасы табысталды.

Облыс әкімі жаңа басшыға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасына тұрақты бақылау жүргізуді, негізгі қымбаттауына жол бермеу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Нұрлыбек Шонжарұлы 1970 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Қызылорда политикалық институтында «Есеп және аудит», «Болашақ» университетінде «Құқықтану» мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын Қызылорда облысы бойынша кедендік бақылау департаментінде инспектор қызметінен бастап, әр жылдары түрлі лауазымдарда еңбек етті.

2018–2023 жылдары Қызылорда, Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары, сондай-ақ Алматы қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы болған.

2023 жылдан осы уақытқа дейін Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

Астанада "Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі ретінде: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік" атты халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Симпозиумда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Кемелұлы осы жиын аясында Астанаға арнайы келген меймандарға, сөз сөйлеп, пікір білдірген атақты ғалымдар мен беделді халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтты.

Жаһандану, жаппай цифрландыру, жасандылық дегендердің дәуірлеп тұрған қазіргі жағдайында өткенге қайта оралып, "Алтын Орда" дәуірі туралы зерттеп, оны әспеттеп жату ескілікті аңсау сияқты көрінуі мүмкін. Алайда Мемлекет басшысы өз сөзінде айтып өткендей қазіргі кезеңде "көшпенділік, яғни номадизм тұжырымдамасы туралы жаңаша көзқарас қалыптастыру – өте маңызды.

Өділдік, ашықтық және мәдениеттер диалогі – Дала өркениетіне арқау болған құндылықтар. Осы мемлекеттілік дәстүрін жан-жақты зерттеу бүкіл Орталық Еуразияның ұзақ мерзімді дамуына ықпал етері сөзсіз. Қазір бұл аймақ жаңа сипаттағы қайта өрлеу, яғни, ренессанс кезеңіне қадам басты деп айтуға болады.

Біз әлемдегі маңызды геосаяси және өркениет орталығы ретінде өз тарихи миссиямызды қайта жаңғырта бастадық. Бұл үдерісте халықтарымыздың, соның ішінде, өскелең ұрпақтың теңдессіз рухы мен күш-қуаты шешуші рөл атқарады. Соның арқасында қазір біз алдымызға биік мақсаттар қойып, маңызды міндеттерді орындап келеміз. Сондықтан ата-бабадан қалған мол мұраны қазіргі заманның құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру – маңызды.

Тарихты зерттеу дегеніміз – өткенмен өмір сүру немесе көнені көксеу емес. Ескіліктің шырғауында қалу – надандық пен қараңғылыққа апаратын жол.

Түп-тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсу қажет. Біз осы қағиданы терең түсіне отырып, жаңа Ата заңда мәдени мұраларымызды сақтауға, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуға айрықша басымдық бердік. Бұл маңызды жұмысты бастап та кеттік, – деді Қ.Тоқаев.

Осы жиында Тоқаевтың сөйлеген сөзінің кей тұстарын ықшамдап жариялап отырмыз.

• Алтын Орда – Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихшы күмән келтірмейді, бұл – мойындалған тарихи дерек.

• Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көшпелі халықтарды жабайы, бей-берекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі доғмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті.

• Меніңше, Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесін мұқият зерделеу қажет. Жошы ұлысының дәуірлеп тұрған кездегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті, Рим империясының ең айбынды кезеңінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша, Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да – осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалдық негізі, яғни, мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді.

• Алтын Орда дәуірінде Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал қоғамдық тәртіп қағидатының бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр түрлілері адамның және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл – қоғамдық тәртіп болды деген сөз.

• Бұдан бөлек, Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет етті.

• Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Өскерде және мемлекеттік аппаратта термірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді.

• ҮШІНШІ өзекті мәселе. Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн. Баршамызға белгілі, ежелдегі Месопотамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен аңғарларын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті.

• Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл өлем тарихына түбегейлі жаңа сипат берген оқиға болды. Атақ міну мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды.

• Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі көлік, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер өркениетінің ең биік шыңына көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар.

• Көптеген беделді ғалымдардың пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған.

• Қазіргі таңда мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жетеді. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге атауы ұлыстың «дан» сөзінен тамыр тартады. «Денги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл – кең байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел.

• Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал делізі ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқылы жыл сайын мыңдаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда: Қытайдан – жібек, Үндістаннан – дәмдеуіштер, Ресей жерінен – тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен – қолөнер бұйымдары тасымалданды.

• Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс күлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен қоршап, тұйықтау болған жоқ. Әр қала қарқынды сауда орталығы ретінде адамдардың еркін қозғалысына бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қақтығыстар толастамады деген аңыз өңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең оңтайлы мемлекеттік үлгісінің негізін қалады.

• Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары – соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады.

• Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамуының Алтын Ордада жасалған кіріштердің Ертіс пен Дунай аралығында кеңінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түркі-түркілік іскер адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты.

• Алтын Орда мұрасы – ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынаны XXI ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамамен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр.

2026 ЖЫЛҒЫ 17 МАМЫРДА ӨТКІЗІЛГЕН ҚЫЗЫЛӨЗЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2026 жылғы 18 мамырдағы №32 шешімімен 2026 жылғы 17 мамырда сайланған Қызылөзек ауылдық округі әкіміне **Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлын** тіркеді.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

Сұрағым бар...

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ: ҚАЛАЙ АУДАРЫП, ҚАШАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінде жарналардың келесі түрлері аударылады: міндетті (жұмыс беруші жұмыскердің жалақысының 10%-ын ай сайын аударып), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (жұмыс беруші өз есебінен зиянды және қауіпті кәсіп жұмыскерлері кірістерінің 5% мөлшерінде төлейді). Сондай-ақ 2024 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізілді. Бұл жарна 1975 жылы және одан кейін туған барлық жұмысшылар үшін (2024 жылы 1,5% - дан, 2028 жылы біртіндеп 5%-ға дейін) төленеді. Бұған қоса жеке және заңды тұлғалар аударатын **ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ)** бар. Жеке тұлға өзі және (немесе) жақындары үшін өз табысы есебінен, ал заңды тұлғалар – өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына қаражат салады. Айта кеткен жөн, ЕЗЖ-ны азаматтар өз қалауымен төлейді, мөлшері мен жиілігін дербес белгілейді. Бұл – жарналардың осы түрінің артықшылықтарының бірі.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ҚАЛАЙ АУДАРУҒА БОЛАДЫ? МҰНЫ ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖАСАЙ АЛА МА?

Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аудары алады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен өз пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аудары алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗК) көрсетілген тұлғаның пайдасына аударылады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗК кенесіне барудың қажеті жоқ – шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде;
- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Елу жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдарға ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу туралы өтінішті БЖЗК-ға enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ Қордың кез келген бөлімшесіне барып тапсыру қажет.

ЕЗЖ есебінен төлем алу тәртібі туралы толық ақпарат БЖЗК сайтындағы «Қызметтер»/«ЕЗЖ есебінен төлемдер» бөлімінде жарияланған.

Барлық жарна түрлері есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

ӨРТ - ОРМАННЫҢ НАҒЫЗ ЖАУЫ

Ауданымыздың шабындық жерлерін өртеу кезінде, бақылау жасамау салдарынан өзен-көл жағалауындағы тоғайлық алқаптардың өртену фактілері азаймай келеді. Сол сияқты жазғы маусымда өзен-көл жағалауларында демалыс жасау кезінде жаққан оттарын сөндірмей кету салдарынан бұталы өсімдіктердің өртену фактілері көпесуде. Ормандарда қалдырылған тұрмыстық қалдықтардан, әсіресе шыны ымырастарынан ормандар, бұталы өсімдіктер отқа орануы мүмкін. Өрт салдарынан бір ғана ағаштар залал шегіп қоймай, оларды паналаған аңдар мен құстар да аса көп зардап шегеді. Жоғарыда аталған жайларды баяндай келе, мемлекеттік орман қоры аумағында болған азаматтарға төмендегі жайларды ескерте кеткенді жөн санаймын.

Орман тоғайларда болған кезде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтаулы:

Шабындықтар мен жайлымдарда, егістік жерлерді өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамай тұрып, кез-келген жерден от қойып тазартуға тыйым салынады. Өзен-көл жағасында демалыс кезінде жаққан отқа абай болып, оттың толық сөндірілгендігін қадағалауды, тұрмыстық қалдықтарды арнайы жерді қазып, көму керектігін;

Автокөлік темір-жол бойларындағы қорғаныштық ормандар мен жекелеген ағаш-бұталарды, жас-ағаштармен өскіндерді сындыруға, бүлдіруге жол бермеуді;

Ағаштар мен бұталарды заңсыз кескен, зақымдаған, сындырған азаматтарға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 367 бабына сәйкес (1 АЕК -4325 теңге)

М.ЕСЕНОВ

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аға өрт сөндірушісі

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

БҰРЫНҒЫ ӘКІМГЕ СЕНІМ БІЛДІРДІ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов пен қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев Қызылөзек ауылдық округінде болып, жаңадан сайланған ауыл әкімін тұрғындарға таныстырды.

Биылғы жылдың 17-ші мамырында Қызылөзек ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті. Шаһар басшысы сайлауда ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, жоғары белсенділік танытқаны үшін тұрғындарға ризашылығын білдірді.

Бұл сайлауда тұрғындардың басым дауысына Сәкен Әбдіжаппар ие болды. Ол бұған дейін де осы округте әкім қызметін атқарып, халықпен тығыз жұмыс жасады.

Жиында қала әкімі аймақ ауылдың инфрақұрылымын, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға негізделген жұмыстардың жалғасатындығын айтты. Ал, сайланған округ әкіміне кәсіпкерлікті дамыту, салық базасын ұлғайту, жайылымдық жерлерді дайындау, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту бойынша кешенді шараларды өзірлеуді тапсырды.

ОБЛЫСТЫҚ СОТТА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар өткізілді.

Семинарға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Жақсылық, облыстық соттың судьялары, қалалық соттардың судьялары, сондай-ақ аудандық соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты.

Семинарды Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Жақсылық ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды.

Семинар барысында Қызылорда қалалық сотының судьясы К.Сәдуақасова Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы тақырыбында баяндама жасап, бірқатар мәселелерді атап өтті.

Сонымен бірге Қызылорда қалалық сотының судьясы Ө.Түбекбаева ҚР Азаматтық процесстік Кодексінің талаптарының сақталуы мәселелері бойынша баяндама жасады.

Арал аудандық сотының судьясы Г.Нұрымбетова азаматтық процессте сот шығындарын өндірудің құқықтық негіздері және қолдану тәжірибесімен бөлісті.

Қызылорда облыстық сотының судьясы Е.Турбаев апелляциялық сатыда қаралған істерге тоқталып өтті.

Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2026» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНЕ ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі. Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

4) Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі - бар болса;

5) Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін

куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және міндемелер;

7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);

8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері. «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық конкурсының қалалық және аудандық кезеңдеріне қатысуға ниет білдірген тұлғалар 2026 жылғы 15 мамырдан - 15 маусымға дейін Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің қоғамдық даму бөлімдеріне өтінім береді.

Ескерту: қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар, бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ - ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқаруда мемлекеттік қызмет көрсету – азаматтар мен мемлекеттің өзара іс-қимылының басты тетігі болып табылады. Мемлекеттік қызметтердің сапасы халықтың мемлекетке деген сенімі мен қанағаттану деңгейін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесінде азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі аса маңызды рөлге ие.

Мемлекеттік қызметтер – халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін, мемлекеттің тиімділігі мен сенімділігін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл процесстің ашықтығы, жеделдігі және ыңғайлылығы – азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін қалыптастырады.

Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және ашықтықты арттыру бойынша бірқатар реформалар жүргізілуде. Қазақстан Республикасында цифрландыру, халыққа жақын болу бағытындағы реформалар мемлекеттік қызмет көрсету саласын жетілдіруге бағытталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі – азамат пен мемлекет арасындағы ең басты өзара іс-қимыл алаңы болып табылады. Бұл процесстің тиімділігі мемлекеттің ашықтығы мен халыққа деген қамқорлығын айқындайды.

Заман талабы – қызметтерді барынша жылдам, ыңғайлы әрі қолжетімді ету. Осы мақсатта мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, бір терезе қағидатын енгізу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және кері байланысты нығайту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Ақсуат ауылдық округі әкімдігі орналасқан ғимаратында қажетті техникалық құралдарымен қамтамасыз етілген «Өзіне – өзі қызмет көрсету бұрышы» және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 13 желтоқсан 2023 жылғы №899 бұйрығымен бекітілген 2024-2026 жылдарға арналған құқықтық түсіндіру жұмыстары бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес әкімшілік ғимаратында халыққа құқықтық көмек көрсету, Қазақстан Республикасының заңнамаларын өз бетінше зерделеуге мүмкіндік беру және құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ашылған «Құқықтық кабинет» жұмыс жасайды.

«Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға алты мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі. Олар: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» және «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» қызметтері.

АРЫСБАЕВА Ханзира Бауыржанқызы «Ақсуат ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-нің жетекші маманы

2026 ЖЫЛҒЫ ІІ-ТОҚСАНДА “ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ” КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ, ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Біржан Әкежан Алмасұлы	Бөлім басшысы	Сәрсенбі күні, сағат 15:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ж.Жабаев көшесі №8	32-1-65

ЖӨЛЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Жеке қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Жеке қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Жөлек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жолдасбеков Меирбек	Жөлек ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері күні Сағат 16 ⁰⁰ -ден 18 ⁰⁰ -ге дейін.	Шиелі ауданы, Жөлек ауылдық округі, Жөлек ауылы, Т.Қожабеков көшесі №35	8(72 4 32) 22-2-13 8(776) 233 44 94 8(702) 233 44 94

МЕНШІК ИЕСІ:	РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11			
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

ЕРГЕШБАЕВТЫҢ ТҮРІК КОМПАНИЯСЫМЕН МЕМОРАНДУМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Қазақстан-Түркия бизнес форумына қатысты.

Мемлекет басшысы бұл форумның екі ел үшін тиімді әрі мазмұнды болғанын атап өтіп, алқалы жиынды ұйымдастыруға атсалысқан Түркия тарапына алғыс айтты.

Президент Қазақстанда түрік компанияларына жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанына тоқталды.

– «Қазір елімізде түрік капиталы бар 3 800-ге жуық кәсіпорын табысты қызмет етіп жатыр. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында мыңдаған жұмыс орны ашылды. Инвестициялық көрсеткішті арттыру үшін өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты тереңдету маңызды. Бүгінгі іс-шара бірлескен кәсіпорындар санын одан әрі көбейтуге мүмкіндік береді деп сенемін. Бұл ретте Қазақстан-Түркия үкіметаралық комиссиясы айрықша рөл атқаруға тиіс деп санаймын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Форум аясында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Түркияның «Fabe Agro» компаниясының басшысы Фатих Буданмен кездесті. Онда «Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған жылыжай кешенін салу» инвестициялық жобасын іске асыру бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

– «Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын стратегиялық міндеттердің бірі – азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту. Қызылорда облысы – Қазақстандағы күріш өндіретін өңірлердің бірі. Еліміздегі күріш пен тұздың 90 пайыздан астамы біздің аймақта өндіріледі және өнімдер алыс-жақын шетелдерге экспортталады.

Өңірдің климаты картоп, көкөніс, бақша дақылдары және жеміс-жидек-

тің барлық түрін өсіруге қолайлы. Маусымаралық кезеңде облыс тұрғындарын жергілікті әрі сапалы көкөніспен қамтамасыз ету үшін жылыжай шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

2025 жылдың қыркүйек айында «Fabe Agro» компаниясының өкілдері Қызылордаға келді. Сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлымен кездесіп, жобаны бастауға қатысты келіссөздер жүргізілді. Бұл жоба қазан айында Мемлекет басшысы Қызылордаға жұмыс сапарымен келгенде таныстырылған болатын. Бүгінгі меморандум осы жобаны әрі қарай жүзеге асыруды көздейді.

Қазір жұмыс істеп тұрған жылыжайлардан алынатын өнім қызылордалықтардың сұранысының небәрі 1,5 пайызын ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан өңірде жылыжай шаруашылығын дамытудың маңызы зор.

Осы ретте құрметті Фатих Будан мырза, «Fabe Agro» компаниясының тәжірибесін ескере отырып, Қызылорда облысында жылыжай кешендерін салу бағытында бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз.

Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беруге, даму институттарынан қаржылай қолдау алу кезінде құжаттарын рәсімдеуге жан-жақты көмек көрсетуге әзірміз», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сол жағалаудағы көлемі 250 гектар ірі агроөнеркәсіптік жобаның жалпы құны 134,5 млрд. теңге, оның аясында 250 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Кешеннің өндірістік қуаттылығы жылына 45 мың тонна қызанақ өндіруге мүмкіндік береді.

Бүгінде өңірде аумағы 12,1 гектар болатын 21 жылыжай, олардың қатарында «КазАгроМир» ЖШС-нің испандық заманауи технологиямен жабдықталған, толық автоматтандырылған 2 гектарлық жылыжай кешені бар.

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Аризона (АҚШ) геномика институтының директоры, профессор Род Винглен кездесті. Кездесуге Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Басқарма төрағасы – ректор Ербол Исакаев қатысты.

Басқосуда аграрлық геномиканы дамыту және күріш шаруашылығына заманауи геномдық технологияларды енгізу мәселелері талқыланды.

– «Қазір облыста ауыл шаруашылығы құрылымдарын жоғары репродукциялы күріш тұқымымен қамтамасыз ететін, аттестатталған 5 тұқым

АРИЗОНА ГЕНОМИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

шаруашылығы жұмыс істейді.

Аймақта егілетін күріш дақылының 2,7 пайызы ғана – отандық, қалған 97,3 пайызы – шетелдік сорттар. Күріш селекциясын дамыту, Ресей, Қытай, Иран, Өзбекстан, Вьетнам, Түркиядан жаңа сорттарды жерсіндіру бағытында сынақ тәжірибелері жүргізілді.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының «Сыр сұлуы», «Айсара» сорттары мемлекет-

тік сорт сынағынан өтуде. Тұқым шаруашылығын дамытуға мемлекет жыл сайын субсидия береді.

Бүгінде құрғақшылық пен топырақ тұздылығына бейімделген дақылдардың, вегетациялық мерзімі қысқа сорттардың егіс көлемін ұлғайту баста назарда.

Жұмыс сапарыңызға сәттілік тілеймін. Күріш селекциясын дамыту жолындағы еңбегіңіз әрдайым нәтижелі болсын», – деді Мұрат Ерғешбаев.

Профессор былтырдан бері Kozubayev University жанындағы Агрокомпетенция орталығымен бірлесіп жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта тараптар Қызылорда облысындағы күріш шаруашылығына геномдық технологияларды енгізу бағытындағы ынтымақтастықты дамытуда.

Сапар барысында профессор Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне барып, оқу орнының ғылыми-зерттеу әлеуетімен және заманауи зертханалар жұмысымен танысты. Бұдан бөлек, «Абзал и К» ЖШС күріш өңдеу зауытына, Наги Ілиясов ауылына және «Магжан и К» серіктестігінің егіс алқаптарына барды.

Өңірде 270 мың гектар суармалы жер бар. Оның 179 мың гектарға жуығы – алты массивте орналасқан, инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егіс алқаптары.

Жыл сайын вегетациялық кезеңге 3,2-3,6 млрд. текше метр көлемінде суармалы су лимиті бекітіледі. Осы лимитке сәйкес 185-190 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Сыр өңірінің негізгі дақыл саналатын күріш жыл сайын 85-90 мың гектар алқапқа себіліп келген. Алайда көйінгі жылдары суармалы су тапшылығына байланысты күріш егісінің көлемі 70 мың гектарға дейін қысқарту жоспарлануда. Өңірде республикадағы жалпы күріш көлемінің 90 пайызы өндіріліп, өнімнің 35-40%-ы экспортқа шығарылады.

«AI-KERIM» – БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

Оқу жылы аяқталуға жақын қалғанда оқушылар демалысын тиімді ұйымдастыру үшін іске қосылған «AI-KERIM» ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ Президент саябағы аумағында орналасқан. Құрылысы былтыр қыркүйек айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен қолға алынған болатын.

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Мемлекет басшысының қолдауымен салынған, жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығының ашылу рәсіміне қатысты.



Бүгінде өңірде 180 мыңға жуық мектеп оқушысы бар. Олар жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы өткізуі үшін кешенді жұмыс жоспарланған. Биыл 170 мыңнан астам жеткіншектың лагерьлеріне, 150 мыңға жуығы мектеп жанындағы лагерьлерде демалады. Өңірде 7 лагерь жұмыс істейді.

Рәсімде облыс әкімі жаңа орталық жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, демалысына және бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін маңызды жоба екенін атап өтті.

– «Бүгін Президент саябағы аумағында Мемлекет басшысының қолдауымен жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін оқу-сауықтыру орталығын ашып отырмыз. 10 млрд. теңгеге салынған жаңа нысанның материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға толық сәйкес келеді. 300 орындық орталық аумағында 5 мың шаршы метрге жуық өкімшілік ғимарат, ауқымды іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 жайлы жатақхана және қонақыш үлгісіндегі ғимарат бар.

Сонымен қатар балалардың демалысын тиімді ұйымдастыру үшін барлық қажетті инфрақұрылым мен заманауи жабдықтар орнатылып, демалыс аймақтары жасақталған. Алдағы уақытта 17 мыңнан астам шаршы метр аумағы толық абаттандырылып, көгалдандырылады. Халықаралық Балаларды қорғау күні қарсаңында ашылып отырған бұл орталық Мемлекет басшысының қолдауымен жас ұрпаққа жасалған тамаша тарту, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

«VANA INTERNATIONAL» – «ҚОРҚЫТ» ӘУЕЖАЙЫ ИНВЕСТОРЫ?..

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Астана қаласына жұмыс сапары кезінде «Қорқыт ата әуежайын» сенімгерлік басқаруға беру аясында халықаралық «Vana International» компаниясының Қазақстандағы өкілдерімен және «Kazakhstan Aviation Holding LTD» компаниясының мамандарымен кездесті. Кездесуде тараптар әуежай инфрақұрылымын дамыту, әуе қатынасының мүмкіндіктерін кеңейту және нысанды халықаралық талаптарға сәйкестендіру мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар инвестициялық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары қаралып, әуежай қызметінің сапасын, жолаушылар ағынын арттыру, логистикалық әлеуетті ілгерілету бойынша бірқатар ұсыныс айтылды.

Өз кезегінде Мұрат Нәлқожаұлы өңірдің көлік-логистика саласын жетілдіруге жобалардың маңыздылығына тоқталып, инвесторлармен өзара тиімді әріптестік орнатуға дайын екенін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар бірлескен жұмысты әрі қарай жалғастыруға уағдаласты. Осы жылдың 5 мамырында сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы «Vana International Holding» компаниясының өкілдерімен кездесіп, қорытындысы бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын.

ГАЗ БАҒАСЫН ӨСІРМЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен сұйытылған газ мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары, басқарма басшылары және салаға жауаптылар қатысты.

Жиында Мұрат Нәлқожаұлы сұйытылған газдың шекті бағасын өсірмеуді, аймақтағы ахуалды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

– «Өздеріңіз білетіндей, газ – Үкіметтің ерекше назарында тұрған өте күрделі және өзекті саланың бірі. Сондықтан сұйытылған газды тұрғындарға тиімді бағамен ұсыну – біздің басты міндетіміз.

Облыс аумағындағы 144 автогаз құю станциясы, 6 газ сақтау қоймасы арқылы 15 оператор сұйытылған газды сатумен айналысады. Осы жылдың 23 сәуірінде «Қызылорда Газ» мекемесі алғашқы болып газ бағасын көтерген. Содан соң өзге

операторлар да біртіндеп қоса бастады.

Облыс әкімдігі жүргізген жұмыстардың нәтижесінде операторлар бағаны бірте-бірте бұрынғы деңгейге түсіруде. Дегенмен, «Қызылорда газ», «Авто Газ Стэйшн», «Каз Авто Газ Сервис» операторлары 5 теңгеге қымбаттағып, тұрғындарға ұсынууда.

Осыған байланысты жауапты сала басшыларына газ бағасын бұрынғы деңгейге шұғыл қайтаруды, халыққа шектеусіз сатуды, басқа өңірлерге рұқсатсыз тасымалдауға жол бермеуді қатаң тапсырамын! Басқа көздерден болса да коммерциялық газды облысқа жедел жеткізіп, әлеуметтік бағамен сатыңыздар.

Барлық тапсырма сапалы әрі уақытылы орындалуы тиіс!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сондай-ақ, аймақ басшысы қала және аудан әкімдіктеріне операторлардың газ қорына тұрақты мониторинг жүргізуді, тапшылыққа жол бермеу үшін газ бағасын зерделеуді міндеттеді.

«ҚАЙСАР» ФУТБОЛ КЛУБЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов және облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов «Қайсар-Аренада» өткен қостанайлық «Тобыл» мен жергілікті «Қайсар» футбол клубтары арасындағы Қазақстан Премьер-лигасының матчына тамашалады. Ойын алдында аймақ басшысы жергілікті футболшылармен кездесіп, ізгі тілегін білдірді.

Қайсарлықтар Мұрат Нәлқожаұлына қолдауы үшін алғыс айтып, клуб атынан естелік сый-сияпат табыстады.

Тартысты матч нәтижесі 2:1 есебімен аяқталып, «Қайсар» футбол клубы Қазақстан Премьер-Лигасында алғаш рет жеңіске жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес былтыр жыл соңында «Қайсар» футбол клубы жеке басқаруға берілген болатын. Клубтың жаңа иесі - белгілі кәсіпкер Исламғали Қозбақов. Өңір спортын дамыту, әсіресе футболды ілгерілету мақсатында инвестор демеушілігімен 20 млрд. теңгеге «Қайсар» балалар академиясының құрылысы салынғып жатыр. Онда 6 футбол алаңы, жабық манеж және медициналық орталық қарастырылған, 2027 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі.

Облыста 2022 жылдан бері 24 заманауи спорт кешені ел игілігіне табысталды. Биыл елді мекендерде соңғы үлгідегі 3 спорт нысаны іске қосылады.

ШИЕЛІ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетовпен бірге Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барды.

Аймақ басшысының сапары қайта жаңғыртудан өткен Оқшы ата кесенесін аралаудан басталды. Оқшы ата кесенесі – Шиелі ауданының Жөлек ауылынан 7 шақырым қашықта орналасқан, IX-X ғасырда салынған көне архитектуралық ескерткіштердің бірі. Облыс әкімі тарихи нысанда жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысып, аумағын абаттандыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

Одан кейін Алғабас ауылындағы «Жер – Жомарт Д» шаруа қожалығының егістік алқабына барды. 2014 жылы құрылған шаруашылық негізінен күріш және бау-бақша өнімдерін өсіруге басымдық береді.

Биыл шаруалар 1256 гектар жерге егін екті. Оның 214 гектары - күріш, 175 гектары - бау-бақша, 80 гектары - жоңышқа, 17 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Аймақ басшысы егін алқабында шаруалармен аграрлық саланы дамыту бағытында атқарылатын жұмыстар туралы пікір алмасты.

Ал тұрғындармен кездесу Шиелі кентіндегі «Руханият орталығында» өтті. Онда

ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы, елді мекендердің инфрақұрылымын жетілдіруге мәселелер талқыланды.

Мұрат Нәлқожаұлы елдің бірлігі мен



тұрақтылығын нығайтуда жұртшылықтың, ел ағаларының ақыл-кәнесі мен ұсыныс-пікірлерін маңызды екенін атап өтті.

Басқосуға жиналған көпшілік қолға алынған бастамалардың, алдағы

жоспарлардың жемісті болуына тілек білдірді. Жұмыс сапары соңында аймақ басшысы 836 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткен Шиелі теміржол вокзалында болды. Ғасырдан астам тарихи бар вокзалдан тәулігіне 200-ге дейін жолаушы сапарға шығады. Ғимараттың жалпы ауданы – 637 шаршы метр, бүгінде ауданның сәулетті нысандарының біріне айналды.

Аймақ басшысы жұмыс сапарының қорытындысында жауапты сала жетекшілеріне кент және елді мекендерді дамыту бағытында нақты тапсырмалар берді.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК – СЕРПІН МЕН СЕНІМ МЕКЕНІ



Сыр өңірінде соңғы жылдары ауылдардың әлеуметтік-экономикалық тынысына жаңаша серпін беретін тың бастамалар қарқын алып тұр. Соның нәтижесінде бұрын тек аграрлық бағытпен ғана танылған әрбір ауыл бүгінде инфрақұрылымы жаңарып, кәсіпкерлігі жанданған берекелі мекенге айналып келеді. Соның айқын айғағы ретінде Қызылорда қаласына қарасты Қызылөзек ауылдық округі жоғары маңызға ие.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде Мемлекет тарапынан қолға алынған бағдарламалар елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, ауылдардың ажарын ашуға мүмкіндік жасауда. Соның нәтижесінде кешегі қарапайым ауылдардың бүгінгі келбеті мүлде өзгеріп, инфрақұрылымы жаңарған, кәсіпкерлігі дамыған, рухани тынысы кеңейген жаңа мекендер қалыптасып келеді. Соның бірі де бірегейі қызылөзектіктердің даму қарқыны көз қуантады.

Жалпы аталмыш ауылдық округтің құрамына Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек тиімділік бекеті кіреді. Құт дарыған қасиетті мекеннің бүгінгі келбеті өткен кезеңмен салыстырғанда көш ілгері. Бір кездері өзге ауылдар секілді электр желісінің әлсіздігі, жолдың тозуы, жарықтың жеткіліксіздігі бұл елді мекен тұрғындарының да басты мәселесіне айналған еді. Қазіргі таңда ауылды өркендету жолында атқарылған қыруар шаруаның нәтижесінде қордаланған түйткілдер кезек-кезеңімен шешімін тапқан. Бұл бірінші кезекте ауыл халқының жарқын болашаққа деген сеніміне серпін бергенін байқауға болады.

Бүгінгі Қызылөзектің келбеті мүлде басқа. Соңғы жылдары жүзеге асқан ауқымды жобалардың нәтижесінде ауыл өмірі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Қызылөзектің қазіргі тынысы тек статистикалық деректермен бағамдау жеткіліксіз. Ауылда қарқын алған әрбір жарқын жобаның нәтижесі тұрғылықты халықтың туған жерін өркендетуге деген нақты ұмтылысынан, елдің ертеңіне деген жауапкершілігінен айқын сезіледі. Ауылдың жаңарған келбеті – мемлекеттің ауылды дамыту бағытындағы саясатының нақты нәтижесі десек қателеспейміз.

АУЫЛДЫҢ ДАМУЫ – ЕЛДІҢ ДАМУЫ

Қазақ үшін ауыл қашан да қасиетті ұғым. Себебі, ауыл – ұлттық құндылықтардың қайнар көзі, салт-дәстүрдің алтын дінгегі, ұлт руханиятының құртамасы. Сондықтан ауылды дамыту мәселесі қашанда мемлекеттің стратегиялық бағыттарының бірі болып келеді. Қызылөзек ауылдық округінде жүзеге асып жатқан жұмыстар да мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесін көрсетеді.

Бүгінде округте 3497 халық тұрады. Бір қарағанда бұл көп емес секілді көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы халықтың тұрмыс сапасын арттыру үшін атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы шағын бір ауданның деңгейіндегі жобалармен пара-пар.

Соңғы жылдары ауылдық округтің бюджет көлемі артып, инфрақұрылымдық жобаларға қомақты қаржы бағыттала бастаған. Бұл – мемлекеттің ауылды дамытуға деген нақты

көзқарасының жарқын үлгісі іспетті. Цифрларды сөйлестік, 2025 жылы ауылдық округтің бюджеті 713 миллион теңгеден асса, 2026 жылға 334 миллион теңгеден астам қаржы қаралған. Мұның өзі ауыл өміріне жаңа леп беретін маңызды бастамалардың жалғасатынын көрсетеді.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда, Қызылөзек бүгінде тұтынушы ауыл емес, өзіндік кірісін қалыптастырған әлеуетті елді мекендердің қатарына қосылған. Салық түсімдерінің жоспардан артық орындалуы – соның айқын дәлелі.

Кез келген ауылдың даму деңгейі ең алдымен оның инфрақұрылымынан байқалады. Яғни, жолы жөнделген, жарығы тұрақты, инженерлік желісі жаңарған ауылдың өмір сүру сапасы да арта түсетіні мәлім. Бұл тұрғыда кейінгі жылдары Қызылөзекте атқарылған әрбір ауқымды жұмыстардың нәтижесі көңіл қуантады.

Негізі аталмыш ауылда ұзақ жылдар бойы тұрғындарды толғандырған басты мәселенің бірі – электр желілерінің тозуымен байланысты болды. Әсіресе, қыс мезгілінде жарықтың жиі өшуі, кернеудің төмендігі тұрғындардың тұрмысына қолайсыздық туғызатын. Бүгінде бұл мәселе жүйелі түрде шешіліп жатыр.

- Негізінен «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасымен қолға алынған жоба аясында үш елді мекендегі электр желілері толық жаңғыртылуда. Соның негізінде жаңадан электр желілері тартылып, электр бағаналары орнатылуда.



Бұл – ауыл тұрғындарының күнделікті өмір сапасын өзгертуге бағытталған әлеуметтік жоба саналады. Яғни, электр жүйесінің жаңаруы арқылы кәсіпкерліктің дамуына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына, жаңа өндіріс орындарының ашылуына мүмкіндік артады. Бүгінде тиісті жұмыстар халық сұранысын толық қанағаттандырып тұр», - дейді ауылдық округ әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Қай кезде де ауылдың өркендеуі жол мәселесімен тікелей байланысты болып келеді. Бұл бағытта Қызылөзекте соңғы жылдары бұрын-соңды болмаған ауқымды жұмыстар атқарылғанын аңғаруға болады.

Бүгінде ауылдағы бірнеше көшеге күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңа асфальт төселді. Нәтижесінде бұрын шаңы бұрқырап жататын сұрықсыз көшелер айнадай теп-тегіс жолға айналыпты. Әсіресе ауыл ішіндегі көшелердің жаңаруы тұрғындардың күнделікті тұрмысына оң әсерін тигізіп отыр.

Ал «Қожақ» көпірінің күрделі жөндеуден өтуі – тек Қызылөзек үшін ғана емес, сол аумақтың көлік қатынасы үшін маңызды оқиға болды. Бұрыннан бұл көпірдің өңір үшін стратегиялық маңызы зор. Өйткені ол

тек көлік қозғалысын қамтамасыз етіп қана қоймай, ауылдың әлеуметтік және экономикалық байланысын нығайтады.

Жол жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жол белгілерінің орнатылуы да жоғары маңызға ие. Бұл тұрғыда қызылөзектіктерді толғандырған мәселе жоқ.

балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады. Әсіресе ауылдық жерлерде түнгі көшенің жарық болуы әлеуметтік сұранысқа ие. Бұл ретте қызылөзектіктерді толғандырған мәселе жоқ.

Қай кезде де ауыл экономикасының негізгі тірегі кәсіпкерлік саласымен тығыз байланысты болып келеді. Бұл

тапшылығына байланысты болып тұр. Осы ретте Сырдария өзенінен жоғары орналасқан аумақта жаз мезгілінде су жетіспеушілігі айқын сезіледі. Бұл мәселе әсіресе ауыл халқы үшін егін шаруашылығына, бау-бақша өсіруге, мал азығын дайындауға айтарлықтай кері әсерін тигізетіні белгілі.

Соған орай бүгінде ауылға насос құндықтарын орнату жұмыстары қарқынды жүргізілуде екен. Бұл мәселені еңсеруде ауыл әкімдігі тарапынан нақты әрекет жасалып отырғанын айрықша атап өтуге болады.

Жалпы ауылды өркендету жолында атқарылып жатқан әрбір маңызды бастамалар халықтың әлеуметтік жағдайын жоғары деңгейге көтере түскені байқалады. Бұл тұрғыда Қызылөзектегі жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы осы қыруар жұмыстардың нақты көрсеткіші ретінде жоғары бағаға лайық. Осы ретте ауылда қоғамдық жұмыстар, жастар тәжірибесі, тұрақты жұмысқа орналастыру бағытында берекелі тірліктің лебі еседі. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету мәселесі де назардан тыс қалған емес.

Бір ерекшелігі – бір іске жергілікті кәсіпкерлердің де белсенді араласуы көңілге қуаныш ұялатады. Бұл ауылдағы әрбір азаматтың жауапкершілікті сезіне білуін көрсетсе керек.

БІЛІМ – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Қызылөзектегі мектептердің жұмысы да назар аударуға тұрарлық. Олай дейтініміз, ауыл оқушыларының білім деңгейінің жылдан-жылға артуы елең еткізеді. Қызылөзектік қарадөмәлердің қатарында «Алтын белгіге» үміткер түлектер санының көбеюі осы сөзімізге толық дәлел.

Кейінгі жылдары ауыл балаларының сапалы білімге сусынбап, үлкен мақсаттарға ұмтылуына толық мүмкіндік қарастырылған. Білікті маман, заманауи жайлы мектеп ескеңе ұрпақты саналы да саламатты азамат болып қалыптасуына оң ықпалын тигізіп тұр.

Мұнымен қоса ауылдың мәдени өмірінде де өркендеу үдерісі байқалады. Атап айтқанда, ауыл қалыбындағы үйірмелер жастардың шығармашылығын дамытуға, ұлттық өнерді насихаттауға, ең бастысы, жас ұрпақтың бос уақыты тиімді өткізуіне зор ықпал етіп жатқанын байқайсыз. Соның ішінде домбыра, би, көкөрсөз үйірмелері ауыл руханиятын жоғары деңгейге көтеріп келеді.

Сонымен қатар ауылда ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесі, мешіт, жергілікті қоғамдастық ұйымдарының жұмысы бір жолға түскен. Бұл өз кезегінде қоғамдық тұрақтылықтың сақталуына ықпал етіп жатқанын айта кету керек. Өйткені аталмыш қоғамдық ұйымдар арқылы бірлікті нығайту, жастар тәрбиесіне ықпал ету мен қоғамдық мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік артып отыр. Қазақы ауыл үшін қай кезде де мұндай қоғамдық институттардың орны ерекше екені көпке мәлім.

Жалпы бүгінгі Қызылөзек тоқырау тұйығында қалған ауыл емес, құрбыларының мемлекет өткелінен өткен, жаңаруға ұмтылған, болашағына сеніммен қарайтын берекелі елді мекенге айналған. Әрине, шешімін

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ АУЫЛДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТЫП, ЖҰМЫСТЫ КҮШЕЙТУІМІЗ КЕРЕК

Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді.

Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады.

Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ауыл өкімдерінің диалог-платформасында сөйлеген сөзінен

ГАЗДАНДЫРУ – АУЫЛ ӨМІРІНДЕГІ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Қызылөзек тұрғындары көптен күткен жобаның тағы бірі – газдандыру мәселесіне байланысты. Мұны ауыл өмірінің тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық қадам деп бағалауға болады.

Ауыл өкімінің айтуынша, қазірдің өзінде игі бастаманың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткен. Егер жоба толық жүзеге асырылған жағдайда ауыл тұрғындарының шығыны азайып, экологиялық ахуалының артуына қолайлы жағдай жасалады деп күтілуде. Яғни, көмір мен қатты отынға тәуелді елді мекенге газдың келуі халықтың тұрмыс мәдениетін көтеретініне сенім зор.

Сонымен қатар ауылдарды жарықтандыру мәселесі халық сұранысын толық қанағаттандырып тұр деп айтуға болады. Бұл ретте Қызылөзектегі көшелердің басым бөлігі түнгі жарықпен қамтылған. Көп жағдайда көшенің жарық болуы қоғам сұранысына сай, тұрғындар мен

тұрғыда Қызылөзек халқының негізгі кәсібі – ауылшаруашылығы саласымен тығыз байланысты екені мәлім.

Дей тұрғанмен, соңғы жылдары ауылдағы ағайынның кәсіпкерлікке бетбұрысы байқалады. Соның негізінде бүгінде ауылда екі жүзден астам кәсіпкерлік нысаны жұмыс жасайды екен. Бұл алақандай ауыл үшін үлкен көрсеткіш болып саналады.

Ең бастысы, тұрғылықты халықтың кәсіпкерлікке деген көзқарасы өзгеріп жеке кәсіп ашуға ынты білдірушілер қатары артқанын аңғартады.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – НАҚТЫ ҚОЛДАУ АЛАҢЫ

Жалпы ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуда «Ауыл аманаты» жобасының рөлі ерекше. Аталмыш бағдарлама шеңберінде ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, шағын кәсіпті дамытуға, мал шаруашылығын өркендетуге баса мән беріліп отыр.

Қазіргі таңда Қызылөзекте осы бағдарлама арқылы мал шаруашылығын дамытуға бағытталған жобалар қаржыландырылуда екен.

Соның негізінде ауыл тұрғындарының мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдалана бастауы көз қуантады.

Ежелгі ата кәсіптің желкенін керіп,



егін және мал шаруашылығымен айналысуда қызылөзектіктердің ықпалы зор. Соның негізінде бүгінде бұл сала ауыл экономикасының негізгі тірегіне айналып отыр.

Негізінен ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы үшін егістік көлемінің сақталуы, өнім көлемінің артуы маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, мал басыны көбеюі де саладағы оң динамиканы аңғартады.

Сала мамандарының пікіріне сүйенсек, ауылшаруашылығын дамыту үшін алдымен су мәселесін шешу, инфрақұрылымды жақсарту, кооперацияны күшейту маңызды саналады. Бұл бағытта Қызылөзекте атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы кең.

Осы орайда айта кеткен абзал, қазіргі таңда Қызылөзек үшін ең өзекті мәселелердің бірі – аяқ су

күткен мәселелер де жоқ емес. Жоғарыда айтып өткеніміздей, газдандыру, су тапшылығы, жаңа жұмыс орындарын көбейту, жастарды ауылда тұрақтандыру мәселелері кезек-кезеңімен реттеліп жатқаны байқалады.

Ең маңыздысы ауыл халқының туған мекенін түлетсем деген талпынысы жоғары. Ауылдың деңгейін көтеру мақсатында тұрақты даму мен ізденіс бар. Қызылөзекте қызу қарқынды жүргізіліп жатқан әрбір жұмыстар ауылды жаңа деңгейге көтерудің нақты көрінісін аңғартады.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылөзек – даму мен жаңарудың даңғыл жолына түскен, жауапкершілік жүгін сезініп, еңбек пен елдік мүддені бәрінен биік қоя білетін берекелі мекенге айналды.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ



"АЯҚ СУ АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ"...

Қызылорда қаласындағы аяқ су мәселесі бірте-бірте шешімін тауып келеді. Нәтижесінде қаланы көгалдандыру, көркейту бағытындағы жұмыстар да қала тұрғындарының көңілінен шығуда.

Бүгінде қала аумағындағы 68 көшеде 98,6 шақырым арық жүйелері бар, 46 көшенің 74,6 шақырымына аяқсу жеткізілуде, 3 көше 4,4 шақырым ірі лотокпен, ал 39 көше 68,6 шақырым кіші лотокпен жабдықталған. Он нүктедегі 16 насос қондырғысы толық қуатымен жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, 12 арық жүйесіне 19 насос арқылы су берілуде.

Қазір «KazstroyCapital LTD Kyzylorda» ЖШС-мен бірлесіп, аяқсу жеткізілмеген көшелерді жерасты ұңғымалары арқылы сумен қамту қолға алынған. Соның бірі Бөкейхан көшесіндегі арыққа аяқсу берілді.



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Қызылорда қаласындағы аяқсу ұңғымаларының қазіргі жағдайымен танысты. Н.Назарбаев даңғылы мен А.Шығайев көшесі қиылысындағы, «Қорқыт ата әуежайы» аумағындағы, «Эдельвейс» саяжайы маңындағы және сол жағалаудағы көпбейінді аурухана жанындағы аяқсу ұңғымаларының жай-күйін көріп, жауапты сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, аймақ басшысына сол жағалаудағы көгалдандыру, жасыл белдеу жобалары таныстырылды. Кейінгі жылдары қоныстанушылар саны өскен шағын ауданды көгалдандыру жұмыстары құрылыспен қатар жүргені маңызды.

Сонымен қатар «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаладағы арық және канал жүйелерін қалпына келтіріп, тазалау жұмыстарын ұдайы жүргізеді. Әр аптада өтетін сенбілікте де арна жүйелерін тазартуға барынша мән берілуде.

Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатовтың тапсырмасына сәйкес қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов қаладағы арық жүйелерінің жай-күйіне, аяқ судың қалыпты берілуіне зерделеу жүргізді.

Аралуау барысында Желтоқсан, Сағымбаев, Скотков көшелері мен Қызылжарма каналының санитарлық жағдайы және су өткізу қабілеті бақылауға алынып, жауапты мекемелерге тиісті тапсырмалар берілді.

Қала аумағында жалпы ұзындығы 98,6 шақырымды құрайтын арық жүйесі бар. Оның басым бөлігіне аяқ су толық жеткізілген.

Арық жүйелеріне 12 аумақта орналасқан 19 насос қондырғысы арқылы су берілуде. Ал, Қызылжарма каналындағы қайта жаңғырту жұмыстарына байланысты жақын күндері насостар қосылып, су жіберілетін болады.

ТЕГІН ИНТЕРНЕТ БАР

Қызылорда қаласындағы Жахаев көшесіндегі Арбат аумағында «Интернет желісіне Free Wi-Fi қолжетімділігі» жобасының салтанатты ашылуы өтті. Шараға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Сәбит Ибадулла және шаһар тұрғындары қатысты.

Енді тұрғындар мен қала қонақтары ноутбук пен ұялы телефон арқылы орталық алаң мен Арбатта жоғары жылдамдықтағы тегін Wi-Fi интернет желісін пайдалана алады.

Шарада 17 мамыр – Байланыс қызметкерлері күні қарсаңында коммуникация, байланыс саласының дамуына үлес қосқан «Транстелеком» АҚ «Қызылордатранстелеком» филиалының бірқатар мамандары қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Орталық алаң және Арбат – тек демалыс орны ғана емес, заманауи цифрлық мүмкіндіктер алаңы!

ТАЛАПТАР ТҮСІНДІРІЛІП, ЕСКЕРТУЛЕР ЖАСАЛДЫ

Қызылорда қаласы әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топпен қала аумағында құрылыс қалдықтарын тастау, ластау және кәсіпкерлік нысан аумағын қалыптастыруға ұстамау бойынша рейдтік жұмыстар күшейтілген түрде күнделікті жүргізілуде.

Жұмысшы топ жүргізген тексеруде жеке және заңды тұлғалардың құрылысы толық бітпей қараусыз қалған ғимараттары, құрылыс қалдықтарын бейберекет тегуі, қоршаудың талапқа сай орнатылмауы, кәсіпкерлік нысандары қасбетінің тазалыққа сәйкес келмеуі секілді бірнеше фактілер анықталып, әкімшілік құқық бұзушылыққа жол бергендерге айыппұл салынды.

Тұрғындарға және кәсіп иелеріне қала тазалығын сақтау – баршаға ортақ талап.



КӘРІЗ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖАҚСАРАДЫ

Тұрғындарға коммуналдық қызмет көрсетуде және халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз етуде маңызды салалардың бірі саналатын көріз

бастаған жұмысшы топ «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнына қарасты көріз насос станцияларының жай-күйіне зерделеу жүргізді. Бұл бағытта жұмысшы топ №6 «Южный», №101 орта мектеп жанындағы көріз насос станциясы, Саяхат тұрғын ауданындағы шағын КНС, натрий гипохлоридін өндіру қондырғысы нысандарын аралап, олардың қазіргі уақытта бейімдеу, жүйені жаңғырту жұмыстарын көрді.

Сондай-ақ, Тасбөгет кентінің тұрғындарының шағымына байланысты осындағы модульді биологиялық тазарту станциясында ассенизаторлық автокөліктерден қабылданатын сарқынды сулар жолы

тоқтатылды. Қазіргі таңда Саяхат тұрғын ауданында аталған қызмет түріне есептелген шағын көріз насос станциясының құрылысы жүргізілуде.



жүйесі тоқтаусыз жұмыс жасау қажет. Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатовтың тапсырмасына сәйкес қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қызылорданың еліміздегі басқа өңірлерден өзіндік өзгешелігі бар. Қызылордаға қарасты бірнеше ауылдар егін егумен, мал бағумен айналысады. Сол себепті де қала әкімі ауылшаруашылығы да басқарып отырады. Қала әкімдігінде қала әкімі Н.Ахатовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Негізгі қаралған мәселе көктемгі дала жұмыстары.

Биыл Қызылорда қаласы көлемінде 8 227 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылуда. Оның ішінде, негізгі дақыл күріш 3 200 гектарды құрады.

Ауыл шаруашылығы саласында суды аз қажет ететін дақылдарды егу және оның көлемін арттыру Үкімет пен облыс әкімінің ерекше назарында.

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы, жалпы өнім көлемін 2 есеге арттыру тапсырмасын орындау мақсатында су тапшылығы жағдайында күріш көлемін оңтайландырып, өзге дақылдар көлемін ұлғайтуымыз қажет.

Сондықтан су үнемдеу технологияларын енгізу, су арналарының тиімділігін арттыру, егіс құрылымын әртараптандыру және шаруаларды заманауи агротехнологияларға бейімдеу бойынша жұмыстарды әлі де күшейту керек.

Егістік жұмыстары сапалы жүргізілуін және уақытылы аяқталуын қамтамасыз ету үшін ұйымшылдық көрсетіп, дала еңбеккерлерін барынша жұмылдыруға тиіспіз, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Өткен жылы Қызылорда қаласында 2,2 мың гектар күріш алқабы лазерлік тегістеуден өткізілсе, биыл бұл жұмыстарды 3 мың гектарға жеткізу көзделген. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасымен бекітілген Жол картасына сәйкес биыл тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісімен егілетін егіс көлемін мың гектарға жеткізу мекеленіп отыр. Қазір көктемгі дала жұмыстары қызып тұр.

Биылғы жылдың 4 айындағы экономикалық көрсеткіштерді саралаған кезекті Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі мәжіліс өткізіп, онда өңірдің төрт айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттің атқарылу барысы талқыланды. Бұл жиындағы міндеттер бойынша шаһар басшысы Нұржан Ахатов та қала әкімдігінде өткен жиында мәселенің маңызына тоқталды.

“АҚША ЖИНАЛМАСЫН, КОРТЕЖ БОЛМАСЫН”

Қала бойынша барлық негізгі экономикалық көрсеткіштерде оң динамика бар. Бюджеттің игерілуі қалыпты, 1-ші мамырға бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша шығындары 100 пайыз орындалды.

– Дербес бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері жоспарланған жобалардың жүзеге асырылуын, бөлінген қаржының мерзімінде игерілуін тұрақты бақылауда ұстауы қажет. Сонымен қатар қаланың экономикалық өсімі барлық көрсеткіштер бойынша қамтамасыз етілуі тиіс, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Күн тәртібінде тұрған келесі мәселе – 2025-2026 оқу жылының аяқталуы, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, суға шомылу мезгіліндегі сақтық шаралары пысықталып, жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Биыл қала бойынша 4 436 оқушы 11 сыныпты аяқтайды. Осыған орай шаһар басшысы бірқатар мәселені бақылауды қатаң тапсырды. Оның ішінде, ұлттық бірыңғай тестілеу өтетін күндері төтенше жағдайлардың, оқыс оқиғалардың орын алмауын



қамтамасыз етуді, соңғы қоңырау және аттестаттарды салтанатты табыстау мерекелік іс-шараларында бейберекет шығынды болдырмауға, мектеп ұжымдарына сыйлыққа қаражат жинауға, жағрау берілетін автокөліктермен экскурсиялар, кортеждер жасауға жол бермеуді міндеттеді.

– «Адам өмірін арттық ештеңе жоқ. Бірақ өмірін тәуекелге тігітетіндер бар. Өр шомылу маусымы басталар алдында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сонда да ескермей, аяғы ауыр жағдайларға жетеді. Қайткенде де жағажайлар мен суға түсуге тыйым салынған айдандарда қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауға алынуы керек» - деді шаһар басшысы.

БІР КҮНДЕ 600 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауы – кейінгі жылдары ерекше қарқынмен дамып келеді. Азғана уақытта еңселі құрылыстар бой көтеріп, заманауи жаңа қонысқа айналды. Мұнда әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй саны жыл өткен сайын артып келеді. Осы аумақта заманауи

урбанистикалық шешімдер негізінде жайлы әрі қолайлы инфрақұрылым қалыптасып үлгерді.

Бүгінде сол жағалауда 169 нысан бар, 136 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріліп, мыңдаған отбасы баспаналы болды. Халыққа қолайлы орта қалыптастыру мақсатында 20 әлеуметтік және 13 бизнес нысаны жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта мұнда 47 құрылыс салынып жатыр. Оның 25-і – көпқабатты тұрғын үй, 20-сы – кәсіпкерлік нысан, бір аурухана және бір емхана. Тұрғындардың қауіпсіз жол қозғалысын ұйымдастыру мақсатында Иса Тоқтыбаев көшесінен сол жағалауға өтетін төрт жолақты жаңа автомобиль көпірін салу жоспарланған.

Жаңа шағын аудан тұрғындарының саны 25 мыңнан асты, мектеп, балабақша, сауда орындары халық сұранысына сай қызмет көрсетеді. Қоғамдық көлік үздіксіз қатынайды. Күні кеше иелеріне кілті тапсырылған жаңа үй тұрғындары да сол жағалаулықтар қатарын толықтырды.

Тұрғын үй кешенінің аумағында екі футбол, төрт спорт және ойын алаңы, тынығу аймағы, 250 орындық автотұрақ және үш коммерциялық нысан орналасқан.

СУ ҮНЕМДЕУ – ЕГІСТІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Көктемгі егіс басталды. Қызылорда қаласының қарамағындағы ауылдық елді мекендер науқанға қызу кірісіп кетті.

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда биылғы вегетация кезеңіне дайындық барысы және су жеткізіп беру қызметінің тарифіне байланысты мәселе талқыланды. Жиынға «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының, «Қазасуар» РМК Қызылорда филиалының басшылары, кенттер мен ауылдық округ әкімдері, егін шаруашылығы құрылымдарының өкілдері қатысты.

Сонғы жылдары вегетациялық кезең өте күрделі өтуде. Биылғы жылы да су тапшылығының қаупі бар. Осы жағдайға орай мәселе жан-жақты талқыланды.

–Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы жыл сайынғы Жолдауларында аграрлық секторға аса мән беру қажеттілігін айтып келеді. Бұл бағытты дамыту мемлекет үшін басым бағыттардың бірі саналады. Сондықтан егін шаруашылығына су ресурстарының жеткілікті болуы өте өзекті, – деді Дархан Есалыұлы.

Биылғы көктемде қала бойынша 8 227 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланса, оның 3200 гектары күріш егісі. Қазір күріш тұқымының 47 пайызы суға бастырылды. Бидай, арпа, жаңа жоңышқа уақытылы орналастырылды.

Суды үнемдеу үшін жерді лазерлік тегістеп, егіс айналымын сақтап, топырақты дұрыс өңдеу керек. Бүгінгі таңда 3 мың гектар жер лазерлік тегістеуден өтті.

Мәжілісте шаруашылықтардың су алуы үшін келісім-шарттар жасап, су жеткізіп беру қызметіне байланысты бекітілген тарифке сай төлемді уақтылы жүргізу жауапкершілігі айтылды.

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША РЕЙД

Қызылорда қаласы әкімдігі мен Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің бірлесуімен қала аумағындағы су айдындарында қауіпсіздікті сақтау және қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында кезекті рейдтік жұмыстар жүргізілді.

Іс-шара барысында тұрғындарға судағы қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, арнайы рұқсат етілмеген орындарда шомылудың қауіпті екені ескертілді. Сондай-ақ демалушыларға сақтық шараларын қатаң сақтау жөнінде жадынамалар таратылды.

Мамандардың айтуынша, мұндай профилактикалық шаралардың негізгі мақсаты – жаз мезгілінде орын алуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алып, тұрғындардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттыру.

Рейдтік іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады.

ӘНШІ АТЫНДАҒЫ САЯБАҚТА ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ

Қызылордалықтар талантты жерлесіміз, қазақ музыка өнерінде өшпес із қалдырған Батырхан Шөкеновтің туған күніне орай Қызылордадағы әнші атындағы саябақта еске алу шарасы өтті.

Жиналған қауым алдымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Камалұлы Шөкеновтің ескерткішіне тағзым гүлдерін қойып, оны 1 минут үнсіздікпен еске алды.



Тағлымды шарада Батырхан Шөкеновтің өнері, ғажайып үні мен әсерлі әндері халық жүрегінде мәңгі сақталатыны сөз етілді. Сондай-ақ, әншінің ағасы Мүсірәлі Шөкенов виртуоз музыкант, талантты әнші-композитордың балалық шағынан сыр шертіп, ұйымдастырушыларға отбасы атынан ризашылығын білдірді.

Шарада Батырхан орындаған әндер орындалды. Мәселен «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК жанынан құрылған «Мереке» вокалды-аспапты ансамблінің әншісі Елжан Берістенбаев композитор Сәбит Ұлықпаұлының «Отанға ола» әнін орындаса, әнші Ғалым Елубаев Еркеш Шөкеевтің сөзіне жазылған «Твои шаты» әнін шырқап, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Өнерімен халықтың жүрегінен орын алған Батырхан Шөкеновтің жарқын бейнесі мен мәңгілік мұрасы ұлт жадында жаңғыра берелі.

ХАБАРЛАМА!

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі аумағы	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 404 га, басқа алқаптары 96 га	6	Мал шаруашылығы	Жоқ
2	Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі аумағы гектар	326	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 263 га, басқа алқаптары 63 га	6	Мал шаруашылығы	Жоқ
3	Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі аумағы гектар	3295	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдар	Жайылымы 2662 га, басқа алқаптары 633 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
4	Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі, «Айдар» су ұңғымасы аумағы	213	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 172 га, басқа алқаптары 41 га	6	Мал шаруашылығы	Бар
5	Жалағаш ауданы, Аққұм ауылдық округі, «Он жаға» каналы мен «Солтүстік коллектордың» қиылыс аймағы	73	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа сазды	Жайылымы 59 га, басқа алқаптары 14 га	4	Мал шаруашылығы	Бар
6	Жалағаш ауданы, Аламыс ауылдық округі, «Өңтүстік коллектор» мен «Бөлекбай» каналының қиылыс аумағы	134	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Ауыр саздақты	Жайылымы 108 га, басқа алқаптары 26 га	7	Мал шаруашылығы	Бар
7	Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылдық округі, «Қызылқұм» өңірі	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдар	Жайылымы 808 га, басқа алқаптары 192 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
8	Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылдық округі, «Атжайған» учаскесі	637	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 515 га, басқа алқаптары 122 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
9	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	89	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдақты	Жайылымы 72 га, басқа алқаптары 17 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
10	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	90	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдақты	Жайылымы 73 га, басқа алқаптары 17 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
11	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	3800	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Ауыр саздақты	Жайылымы 3070 га, басқа алқаптары 730 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
12	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	6823	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 5513 га, басқа алқаптары 1310 га	5	Мал шаруашылығы	Жоқ
13	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	600	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 485 га, басқа алқаптары 115 га	5	Мал шаруашылығы	Жоқ
14	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округінің солтүстік беті аумағы	5000	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Ауыр саздақты	Жайылымы 4040 га, басқа алқаптары 960 га	3	Мал шаруашылығы	Жоқ
15	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	700	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 566 га, басқа алқаптары 134 га	8	Мал шаруашылығы	Жоқ
16	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, «Байболат» су ұңғымасы аумағы	150	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 121 га, басқа алқаптары 29 га	7	Мал шаруашылығы	Бар
17	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, «Байболат» су ұңғымасының солтүстік беті	200	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Ауыр саздақты	Жайылымы 162 га, басқа алқаптары 38 га	6	Мал шаруашылығы	Бар
18	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі, «Балғынбай» құдығы аумағы	150	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 121 га, басқа алқаптары 29 га	6	Мал шаруашылығы	Бар
19	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	83	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдақты	Жайылымы 67 га, басқа алқаптары 16 га	4	Мал шаруашылығы	Жоқ
20	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	64	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл сазды	Жайылымы 51 га, басқа алқаптары 13 га	4	Мал шаруашылығы	Жоқ
21	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	541	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдар	Жайылымы 437 га, басқа алқаптары 104 га	5	Мал шаруашылығы	Жоқ
22	Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі, «Мысыккөл» өңірі	409	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 330 га, басқа алқаптары 79 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ
23	Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі аумағы	237	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Орташа саздақты	Жайылымы 191 га, басқа алқаптары 46 га	2	Мал шаруашылығы	Жоқ

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы «22» маусым сағат 9⁰⁰ - ден бастап 2026 жылғы «13» шілде сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2026 жылғы «14» шілде шілде күні сағат 16⁰⁰ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары

немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Ақшашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықтың жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.

Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе

фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2026 жылғы 14 шілде сағат 16⁰⁰ - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-8-70.

ИЗВЕЩЕНИЕ!

ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ, ВЫСТАВЛЕННЫХ НА КОНКУРС ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА ПО ЖАЛАГАШСКОМУ РАЙОНУ, КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка, гектар	Целевое назначение земельного участка	Право землепользования	Качественная характеристика почв	Состав угодий	Балл бонитета	Сельскохозяйственная специализация региона	Возможность обеспечения водой
1	Жалагашский район, территория Аккырского сельского округа	500	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 404 га, прочие угодья 96 га	6	Животноводство	Нет
2	Жалагашский район, территория Аккырского сельского округа	326	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легко-суглинистая	Пастбища 263 га, прочие угодья 63 га	6	Животноводство	Нет
3	Жалагашский район, территория Аккырского сельского округа	3295	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	пески	Пастбища 2662 га, прочие угодья 633 га	2	Животноводство	Нет
4	Жалагашский район, Аккырский сельский округ, территория скважины «Айдар»	213	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	легко-суглинистая	Пастбища 172 га, прочие угодья 41 га	6	Животноводство	Есть
5	Жалагашский район, сельский округ Аккум, территория пересечения канала «Правая ветка» и «Северного коллектора»	73	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-глинистая	Пастбища 59 га, прочие угодья 14 га	4	животноводство	Есть
6	Жалагашский район, сельский округ Аламесек, территория пересечения «Южного коллектора» и канала «Болебай»	134	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	тяжело-суглинистая	Пастбища 108 га, прочие угодья 26 га	7	Животноводство	Есть
7	Жалагашский район, сельский округ Жанадария, урочище «Кызылкум»	1000	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Пески	Пастбища 808 га, прочие угодья 192 га	2	Животноводство	Нет
8	Жалагашский район, сельский округ Жанадария, участок «Атжайган»	637	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легко-суглинистая	Пастбища 515 га, прочие угодья 122 га	2	Животноводство	Нет
9	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	89	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Пески	Пастбища 72 га, прочие угодья 17 га	3	Животноводство	Нет
10	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	90	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Пески	Пастбища 73 га, прочие угодья 17 га	3	Животноводство	Нет
11	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	3800	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	тяжело-суглинистая	Пастбища 3070 га, прочие угодья 730 га	3	Животноводство	Нет
12	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	6823	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 5513 га, прочие угодья 1310 га	5	Животноводство	Нет
13	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	600	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 485 га, прочие угодья 115 га	5	Животноводство	Нет
14	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	5000	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	тяжело-суглинистая	Пастбища 4040 га, прочие угодья 960 га	3	Животноводство	Нет
15	Жалагашский район, северная сторона Каракеткенского сельского округа	700	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 566 га, прочие угодья 134 га	8	Животноводство	Нет
16	Жалагашский район, Каракеткенский сельский округ, территория скважины «Байболат»	150	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легко-суглинистая	Пастбища 121 га, прочие угодья 29 га	7	Животноводство	Есть
17	Жалагашский район, Каракеткенский сельский округ, северная сторона скважины «Байболат»	200	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	тяжело-суглинистая	Пастбища 162 га, прочие угодья 38 га	6	Животноводство	Есть
18	Жалагашский район, Каракеткенский сельский округ, территория колодца «Балгынбай»	150	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 121 га, прочие угодья 29 га	6	Животноводство	Есть
19	Жалагашский район, территория Каракеткенского сельского округа	83	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	пески	Пастбища 67 га, прочие угодья 16 га	4	Животноводство	Нет
20	Жалагашский район, территория Каракеткенского сельского округа	64	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легко-глинистая	Пастбища 51 га, прочие угодья 13 га	4	Животноводство	Нет
21	Жалагашский район, территория Каракеткенского сельского округа	541	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	пески	Пастбища 437 га, прочие угодья 104 га	5	Животноводство	Нет
22	Жалагашский район, сельский округ Макпалколь, урочище «Мысыкколь»	409	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 330 га, прочие угодья 79 га	2	Животноводство	Нет
23	Жалагашский район, территория Макпалкольского сельского округа	237	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 191 га, прочие угодья 46 га	2	Животноводство	Нет

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом Министра Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №18 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоксан №3 с 9⁰⁰ часов «22» июня 2026 года до 19⁰⁰ часов «13» июля 2026 года.

Проведение конкурса начнется «14» июля 2026 года в 16⁰⁰ часов в зале заседаний акмата Жалагашского района по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях

и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение, за исключением

предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителем Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные

заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 16⁰⁰ часов «14» июля 2026 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района», расположенном по адресу: Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоксан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-8-70.

БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!

Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығында қалалық қоғамдық даму бөлімінің ұйымдастыруымен тағылымы мол шара ұйымдастырылды. Тағылымды шараның басты мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығын насихаттау және өнегелі әулеттердің өмір жолын жас буынға үлгі ету болды.

Мерекелі жиынға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, құқық қорғау органдарының өкілдері, үкіметтік емес ұйым мүшелері мен «Алтын той», «Гауһар той» иелері қатысып, отбасының қоғамдағы орны мен тәрбиедегі рөлі жайында ой бөлісті.

Кеш барысында көпке үлгі болып жүрген бірқатар әулеттер таныстырылды. Солардың қатарында 66 жыл бойы бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан Қойшыбаевтар отбасы, 55 жылдық ғұмырын бірге өткізген Әбішевтер әулеті және 58 жылдан бері қол ұстасып келе жатқан Шамшиевтер отбасы бар. Олардың өнегелі өмір жолы, сыйластық пен бірлікке негізделген отбасылық құндылықтары жастарға үлгі ретінде насихатталды.

Шара соңында ардақты қариялар мен өнегелі отбасыларға қала әкімінің атынан арнайы сый-сияпаттар табысталды.

Отбасы – мейірімнің мекені, тәрбиенің бастауы, қоғамның берік тірегі. Берекелі шаңырақтар көбейе берсін.

ТАҒЫЛЫМДЫ ӨМІРДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

ҚОЙШЫБАЕВ Нұртаза Қойшыбайұлы, ҚОЙШЫБАЕВА Айша Аятоллақызы - ГАУҺАР ТОЙ

Нұртаза Қойшыбайұлы 90 жаста, ал Айша апа 84 жаста. Екеуінің отасқандарына 66 жыл толып, өнегелі де берекелі отбасының үлгісін көрсетіп келеді.

Нұртаза ата 40 жыл бойы мал шаруашылығымен айналысып, әсіресе түйе өсіру ісінде табанды еңбек еткен. Еңбексүйгіштігі мен төзімділігінің арқасында ел құрметіне бөленген жан. Бұл шаңырақта 14

бала тәрбиеленіп, 7 қызы ұстаздық жолды таңдаған. Ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген отбасының өнегесі бүгінде жалғасын табуда.

Қазіргі таңда Нұртаза ата мен Айша апа 35 немере, 31 шөбере сүйіп отырған бақытты ата-әже. Олардың ғұмыр жолы – бірлік пен еңбекке, отбасы құндылықтарына негізделген тағылымды өмірдің жарқын үлгісі.

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Бұл мерекенің Отанымыз үшін маңызы айрықша. Бақытты әрі берік шаңырақ – еліміздің игілігі мен өркендеуінің кепілі. Мемлекет отбасы институтын қолдап, осы салада кешенді саясат жүргізе береді» - деген болатын. Расында да, халқымыз үшін отбасы ұғымы қашанда қасиетті де, қастерлі. Әке, Ана, Бала – осы ұштағанның үйлесімді дамуы мемлекет іргетасының берік болуына қызмет етеді.

Дана халқымыз «Отан – отбасынан басталады» десе, қаһарман Бауыржан Момышұлы «Отбасының өнегесі – Отанның өнегесі» дейді. Отбасының қамқоршысы мен тіреуі – ер азаматы, шаңырағының шырайын келтіріп, ырысын еселеп, ынтымағын қамтамасыз ететін – адал жары, сол шаңырақты береке мен мерекеге толтыратын бақыты – балалары. Әкеден көрген өнеге мен анадан алған тәлім – әр баланың өмірлік бағдаршамы болмақ. Сондықтан да біздің қоғамда отбасы әрқашанда рухани және мәдени дәстүрлердің сақтаушысы, түрлі буындар арасын жалғастырушы болып қала бермек.

Табандылық, еңбексүйгіштік, туған жерді қастерлеу, үлкенге құрмет және қонақжайлылық сияқты халқымыздың ең жақсы рухани-адамгершілік құндылықтары берік отбасылық дәстүрлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бергей.



АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

ШАМШИЕВ Сағындық Шәмшіұлы, ШАМШИЕВА Сақыпжамал Абдуллақызы - АЛТЫН ТОЙ

Шамшиев Сағындық Шәмшіұлы 1945 жылы Карл Маркс колхозында дүниеге келген. Жұбайы Шамшиева Сақыпжамал Абдуллақызы 1949 жылы Тереңөзек ауданында дүниеге келген. Отау құрғандарына 58 жыл болды.



С.Шамшиев еңбек жолын Қызылорда қаласындағы қалалық ауруханада дәрігер-анестезиолог ретінде бастап, кейін хирург мамандығын меңгеріп, өз ісінің білікті маманына айналды. Ол адам өмірін арашалап қалуда асқан жауапкершілік пен кәсібилік танытып, талай жанға үміт сыйлады. Кейіннен көп жылдар бойы жедел жәрдем станциясының бас дәрігері қызметін абыроймен атқарып, денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Оның қажырлы еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті мен адамгершілік қасиеттері әріптестері мен халық арасында зор құрметке ие болды. Жұбайы еңбек жолын Тереңөзек ауданындағы ауруханасында медбике болып бастап, кейін қызметін қалада жалғастырды.

Бүгінде отбасының ұйытқысы болып, 4 баланы тәрбиелеп өсіріп, 5 немеренің сүйікті ата-әжесіне айналып отыр.

С.Шамшиев: Отбасына байланысты көптеген мәселелер қозғалып жатыр. Қазір қоғамда жас отбасыларға қолдау бар. Жастардың өз теңін тауып, отбасы құрып, үбірлі-шүбірлі болуы бәріміз үшін ортақ міндет. Бүгінгі іс-шарада жастардың отау құрып, бақытты отбасы болуларына орай көп пікірлер айтылды. Әрине «Үйлену оңай, үй болу қиын». Бірте-бірте жастарымызға өмір құндылықтарын үйрете білсек жастарымыз жаман болмайды.

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ

АЛТЫН ТОЙ ИЕСІ ӘБИШЕВ Сайлаубай Әбішұлы, ЖҰМАШЕВА Гүлсайран - АЛТЫН ТОЙ

Сайлаубай Әбішұлы биыл 80 жасқа толды. Жары Гүлсайран Жұмашевамен отасқанына 55 жыл. Сайлаубай Әбішұлы Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының, Қызылорда қаласының және Арал ауданының Құрметті Азаматы, ауылшаруашылығы саласының Құрметті прадагері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ардагер, Қазақстан Республикасының Алтын жұлдызы төсбелгісінің иегері.

Сайлаубай Әбішұлының жары Гүлсайран Жұмашева бұл күнде құрметті зейнеткер, денсаулық саласының ардагері. Отбасында 5 бала 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп, олардан 7 немере сүйіп отыр.



Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары А.НҰРМАҒАНБЕТОВ:

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта, сыйластық пен сүйіспеншілік, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның діңгегі. Отбасы - жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы, баланың азамат болып өсуінің негізі. Отбасының беріктігі, бірлігі мен бақыты, аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы «Берекелі әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі» - деп атап өтіп, бұл ұстанымы нақты істермен жалғасын тауып, отбасы институтын нығайтуға бағытталған маңызды шешімдер қабылдады.

Баршаңыз білесіздер отбасы мен бала құқығын қорғау мәселелері күшейтіліп, жаңа конституцияда заңнамалық деңгейде қолдау тапты. Негізгі заңда неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекет қорғауында болатыны нақты көрсетілген. Бұл қағида отбасылық құндылықтарды сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған нақты нормалар болып саналады. Әрбір шаңырақтың тыныштығы мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Қазақ халқы үшін отбасы ұғымы қашан да қасиетті.

«Қызылорда қалалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Г.ЖҰМАШЕВА:

Бүгінде қаламызда мәуелі бәйтеректі тамыры тереңге жайылған, берекесі мен бірлігі жарасқан өнегелі әулеттер қатары артып келеді. Бір шаңырақ астында жарты ғасырдан астам уақыт тату-тәтті ғұмыр кешіп, өмір жолының асқаралы белесіне көтерілген «Гауһар той», «Алтын той» иелерінің мерейі үстем, қатары қалың. Бұл – тек уақыт өлшемі емес, бұл – төзім мен түсініктің, сыйластық пен шынайы махаббаттың жеңісі, ұрпаққа үлгі болар өнегелі өмірдің айқын көрінісі. Әсіресе, қазақлықтың қаймағы бұзылмаған біздің өңірімізде шаңырағын шаттыққа бөлеп, көпке өнегесімен үлгі болған әулет көп.

Шаңырақтың түтінін түтетіп, әдепті қыз, саналы ұл өсірген ақ жүректі алтын адамдарымыз қашанда құрметке лайықты.

ӨЗ ЗАМАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

БАЙҒАРАЕВ Құлбарақ Шәмшіұлы, АДИЛОВА Татьяна Адилловна - АЛТЫН ТОЙ

Байғараев Құлбарақ Шәмшіұлы 1953 жылы Арал өңірінде дүниеге келген. Саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, құрылыс саласында 46 жыл табанды еңбек етті. Еңбек жолында әртүрлі мемлекеттік қызметтерде, құрылыс мекемелерінде абыройлы қызмет атқарып, кейін жеке кәсіпкерлікке бет бұрып, Арал ауданында көптеген игі істердің жүзеге асуына үлес қосты. Өз ісінің шебері ретінде бірнеше жыл қатарынан «үздік құрылысшы» атанып, түрлі марапаттарға ие болды.


Жары Адилова Татьяна Адилловна 1952 жылы дүниеге келген. Қызылорда мемлекеттік институтын 1974 жылы қызыл дипломмен тәмамдаған білікті маман. Ұзақ жылдар бойы мектепте де, институтта да ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиесіне әлбеумсіз үлес қосты. Сонымен қатар ағылшын тілінен орыс және қазақ тілдеріне аударма жасап, аудармашылық қызметпен де айналысқан.

Екеуі 1975 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінге дейін 51 жыл бірге ғұмыр кешіп келеді. Отбасында 3 бала – 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде 11 немеренің сүйікті ата-әжесі атанып, ұрпақтарының қызығын көріп отырған өнегелі де берекелі отбасы.

ОТБАСЫ МАҚТАНЫШЫ

НАҒЫМЕТОВ Мұратбек Нағыметұлы ҚОЖАҚМЕТОВА Бақыт Қожақметқызы - АЛТЫН ТОЙ

Отағасы Нағыметов Мұратбек пен отанасы Қожақметова Бақыт 1949 жылы дүниеге келген. Отағасы электр мамандығы бойынша білім алып, Қызылорда қаласы Тасбөгет кентіндегі «Межколхозстрой» құрылыс мекемесінде прораб, бас механик болып жұмыс жасаған. Бақыт Қожақметқызы Тасбөгет кентіндегі №11 мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып 39 жыл қызмет атқарған.



Отбасында 5 бала бар. 3 қыз 2 ұл. Үш қызы мұғалім, үлкен ұлы облыстық полиция департаментінде подполковник, кіші ұлы Астана қаласында автобус паркінде инженер болып жұмыс жасайды. Бүгінгі күні 11 немере, 2 шөбере сүйіп отырған үлгілі, өнегелі отбасы.

М.Нағыметов: Отбасы болғанымызға 55 жыл болыпты, қиындықтар да болды, жақсылықтар да болды. Еліміз егемендік алған жылдары барша отбасына оңай болған жоқ. Кездескен қиындықтарды жеңу үшін отбасы бірлігін, татулығын аман сақтап қалу үшін отанасы, менің жарым барлық күш-жігерім салды. Міне, еліміз аяғын нық бастаған тұста біздердің де жағдайымыз жақсарды. Шүкір алғаға. Еліміз тыныш болсын. Әр уақытта аманшылық болып, жастарға не ішеміз, не жейміз, не істейміз десе де, қандай кәсіппен айналысамын десе де мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті пайдаланып, тату-тәтті жақсы өмір сүрулеріне тілектеспін.

ӨНЕГЕЛІ ӘУЛЕТТІҢ БЕРЕКЕСІ

САҒЫМБАЕВ Серікбай Бахтиярұлы, ҚОЙШЫБАЕВА Қалдыгүл Рахметтоллақызы - АЛТЫН ТОЙ

Сағымбаевтар отбасы – еңбегімен елге сыйлы, өнегелі әулеттердің бірі.

Сағымбаев Серікбай Бахтиярұлы 1947 жылдың 20 қыркүйегінде дүниеге келген. Саналы ғұмырында Қызылорда су шаруашылығы саласында 48 жыл табанды еңбек етіп, өз ісінің білікті маманы ретінде үлкен құрметке ие болды.

Жары Қойшыбаева Қалдыгүл Рахметтоллақызы 1953 жылдың 15 қыркүйегінде дүниеге келген. Ол №253 қазақ орта мектебінде 38 жыл бойы бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып, талай шәкірттің білім мен тәрбие алуына зор үлес қосты.

Екі жан 52 жыл бұрын шаңырақ көтеріп, берекелі де баянды отбасын құрып келеді. Отбасында 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсіріп, бүгінде 6 немере, 3 шөбере сүйіп отырған ардақты ата-әже.

Бұл әулеттің өмір жолы – адал еңбек, ұрпақ тәрбиесі және отбасылық құндылықтарды қадірлеудің жарқын үлгісі.

